

2023-2024 оқу жылындағы №1 арнайы мектеп – интернаты

түлектерінің оқуға орналасуы бойынша

АҚПАРАТ

Арнайы мектеп түлектерінің мамандық таңдау мәселесі - біздің қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты өзекті мәселенің бірі. Өйткені мектеп түлектерінің психологиялық тұрғыдан дайын болмауы, әлеуметтік сенімсіздік, өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін бағалай алмауы, оқуға түсу немесе жұмысқа орналасу кезінде біршама қиындықтар тудырады. Бұл мәселені шешуде маңызды рөл атқаратын кәсіби бағдарлау жұмысы. Ал біздің мектеп-интернатымызда кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру оқу-тәрбие жұмысының құрылымындағы бағыттардың бірі болып табылады.

Білім алушыларда кәсіптер туралы түсініктер мен мамандық таңдау ережелері, сондай-ақ сайланатын кәсіптің талаптарына сәйкес өзінің жеке мүмкіндіктерін бағалау мүмкіндігі қалыптастырылады. Оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын дамыту, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектеседі.

Осы атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі ретінде 2023-2024 оқу жылындағы түлектердің өз орындарын тауып , таңдаған мамандықтары бойынша кәсіптік колледждерге оқуға түскендіктерін атап айтуға болады.

10-сыныпты аяқтаған оқушылар Саумалкөл агротехникалық колледжі «Турист» мамандығының «Экскурсовод» біліктілігі, «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығының «Тракторшы-машинист» біліктілігі, «Тамақтануды ұйымдастыру» мамандығының «Аспаз» біліктілігі, Жәлел Қизатов атындағы жоғары ауылшаруашылық колледжінің «Орман шаруашылығы» мамандығы, «Солтүстік Қазақстан кәсіптік даярлау және сервис колледжінің «Көгалдандыру» мамандығының «Көгалдандыру шебері» біліктілігі , «Ара шаруашылығы» біліктілігі , И.Даутов атындағы қызмет көрсету колледжінде «Шаштараз өнері» мамандықтары бойынша оқуларын жалғастыруда. Түлектерімізге сәттілік тілейміз.

ИНФОРМАЦИЯ

по месту обучения выпускников 2023-2024 учебного года

Проблема выбора профессии выпускниками специальных школ-одна из актуальных в связи с изменениями, происходящими в нашем обществе.

Потому что психологическая неподготовленность выпускников школы, социальная незащищенность, недостаточная самооценка, неспособность оценить свои возможности и способности создают некоторые трудности при поступлении или трудоустройстве. Именно профориентационная работа играет важную роль в решении данной проблемы.

Организация профориентационной работы в нашей школе-интернате является одним из направлений в структуре учебно-воспитательной работы. У обучающихся формируются представления о профессиях и правилах выбора профессии, а также способность оценивать свои индивидуальные возможности в соответствии с требованиями выбранной профессии. Развитие сознательного отношения учащихся к труду, в соответствии со своими возможностями, способностями и с учетом требований рынка труда, способствует профессиональному самоопределению в условиях свободы выбора сферы деятельности.

Результатом этой работы можно назвать поступление выпускников 2023-2024 учебного года в профессиональные колледжи по выбранным специальностям. Учащиеся окончившие 10 класс продолжают обучение в Саумалкольском агротехническом колледже по специальностям "Турист", "Механизация сельского хозяйства", "Организация питания", в высшем сельскохозяйственном колледже имени Жалела Кизатова по специальности «Лесное хозяйство», в Северо-Казахстанском колледже профессиональной подготовки и сервиса по специальности «Ландшафтный дизайн» и «Пчеловодство» , в колледже услуг им.И. Даутова по специальности «Парикмахерское искусство» ". Удачи вам, ребята .



*Мы выбираем
профессию,
профессия
выбирает нас...*